


# Сүмбіле

№3

18.08.05

«Елдің» ғылыми-танымдық басылымы мақалаларының авторы жазушы-фантаст Жұніс САХИЕВ



Оллан – Меркурий

Жас шағымында Күн шапағына малынар-малынбас жылтырап көрінетін ол жұлдызға ерекше на-зар аударушы едік. Шолпанның со-нынан туатын болғандықтан оны ел Оллан деп кеткен. Астрономия ғылымында оны Меркурий дейді ғой. Сол Меркурий де қазақтың әдемі қызы екен. Мына өмірде ұл ағаға, қыз әпкеге қарап өспей ме. Шолпан аспанға шығып, жұлдызға айналғаннан кейін Жер шарында, қазақ еліне тағы бір әдемі қыз пай-да болыпты. Әдемі қыз әрине көп. Ал бұл қызын көзге түскені – оның еңбекорлығы екен. Еңбекорлық адамды шеберлікке жеткізбей ме? Жас қыз киім тігеді, небір ою-өрнек салынған көйлек, жейде тігеді.

# КҮН ҚЫЗЫ

Бірте-бірте қызын аты елге жай-ылады. Киім тікізушілердің саны да күн санап есе береді. Қыз тек әйел киімін тігетін еді. Соңдықтан да оған ер адамдар, жігіттер аса жақындан алмайды.

Қыз кемпір мен шалдың жалғызы перзенті еді. Олар алғашында та-қыры кедей болған. Қызын епті қолы мен еңбегінің арқасында тұрмыстары түзеле бастайды. Қанша сұлу болса да, кедейлігін меснінбеген байдың балалары да енді назар аудара бастаған. Қыз мән-жайды түсінеді. Ол байдың тәкаппар үлдіріна сенбейді. Оларға деген махаббат сезімі де ояңған емес. Қыз қолынан келген-ше кедей-кепшіккө қөмек береді. Ол ылғы да ішінен Шолпан жұлдызына табынып жүреді. Шолпан таң ата туған мезгілдері ол ерте тұрып, да-лаға шығып, Шолпанға қарайды. Шолпан кешке, күн батыстан туғанда сол көюжекке қарап, ойланып-толғанып, соңдай бір жұлдыз болу-ды да ішінен армандал қояды. Бірақ, оны кім аспанға ұшырып шығарып жұлдызға айналдыра қойсын.

Күндердің күнінде оған бір жігіт келеді. Ол жігіт езінің туған қарын-дасына кейлек тіктірмекші екен. Бірақ кедей жігіттің ақшасы-тенгесі аз болады. Қыз ешқашан да ешкі-мнен кесімді ақша алған емес. Жігітten тіпті де ақша алмайды. Оған жігіт қатты намыстыныпты. Сөйтіп, ол күн сайын қызын аула-сына бір рет келіп-кетіп жүреді.

Ыңғылч қызын жолында еш реті келмейді. Ол ешқашан да бос емес. Бірақ қыз жігітті іштей ұнатқан Бәрі де ішінде. Ол киім тігуден қолы бо-сағанда құрбы қыздарымен өзен жағалап қызырып та жүреді. Соңдай күндердің бірінде қыз жас жігіттің мына дүниеден түніліп, өзін-өзі мерт еткенін естиди.

Қызын көніл-күй күрт түседі. Бұл оқиғаның өзі үшін болғанын да сезеді. Жер-дүниеге сыймайды. Киім тігуден де бас тартады. Әкесі мен анасы мұның жайын түсінбей дал болады. Қыз ерте тұрып, күншығыс жақтағы Шолпанға қарап табынып, ішінен әлденені кубірлеп айтумен болады. Соңдай бір сатте Шолпан жерге қарай жақынданап келіп, қыза айналып, былай деп тіл қатады:

–Сіңілім, жылама! – дейді ол кішкентай қызы жұбатып, - Жер шарына сыймаған талантты, таза адамдардың бәрі де мезгілінен ерте аспанға кетеді.

Сен үлкен қателік жіберіпсің. Ол жігіт сені өмірлік ұнатқан екен. Енді амал не, әлгенді тірілте алмайсың. Мына дүниеде ондай заң жоқ. Жа-лғызысырама, мына шексіз кекте мені де жалғызысыратпа, жүр мени-мен бірге. Күнге қарай ұшайық. Жердегі құллі тіршілікті Күннің төнрегінен мәнгілік бақылап ұшып жүреік. Барасын ба, менимен?!

Қыз аз ойланды. Әкесі мен анасын да қимады. Бірақ, қазақтың өзі: “Қыз жат жүрттүк” демей ме? де-

ген сөз түседі оның есіне. Қаң заманда да қазақ қызы алықса, жат жүртқа ұзатыларда сыңсып жыла-ған, қоштасқан, Ал, мына жағдайда уақыт аз. Оның үстіне бұл жасырын іс. Бірін-бірі қалаған жастар осы-лайша жасырынп та аттанады болашақ бақытына. Бірақ Оллан ондай бақытқа ие бола алмады. Соңдықтан да, мына тәуекел істің, жөні де басқа еді. Ол өзін күтіп, іштей толқып, тағдырын, жүрек лүпілін түсініп, көкке, бійкек, құллі ғаламды мәнгілік анық көріп ұшып жүретін кеңістікке шақырып тұрған әпкесіне қадалды да:

–Барамын, сізben! Мені өзінізбен бірге әкетініші, - деді. Бұл мезгіл Күн шығуға таяп қалған мезгіл еді. Енді біраздан соң әтеш шақырып, ит үріп, сиыр мәніреп, ауыл іші ер-төңілік тіршілікке көшеді. Оллан-ның қос жанарынан ыстық жас ыт-қып кетті. Ол кек шөпке шашырап түсіп, мөп-мөлдір шық мұзына ай-налды. Шолпан оған қолын ұсынды.

Артынша әлдеқандай құдіретті құш екеуін қалықтатып жөнелді. Ауыл төменде қалып, Жер ғаламшары дөңгелене бастағанда бір сүйк ауа ағыны жеңіл көйлекпен шыға салған Олланды тоңдыра бастады. “Әтеген-ай, мынаны білгендеге жылы-рақ киініп шығатын едім ғой” деп ішінен бір ойлап қойды ол. Эзірге жаурағаның әпкесіне айтпады.

Кеңістік қандай қаранды, жер қан-дай әдемі еді. Ол шыны шардай жылтырап кейінде қалып барады.

Жұлдыздар мың сан. Олардың еш-қайсы да еңді жыпылық қақпайды. Ай да күлімдеп қарап түр. Ал, Күннің қуанышында шек жоқ тәрізді. Шолпан жалбырай, құйрықты жұлдыздың шашыранды ұзын құйрықындей болып кейінге қарай төгілген бұрымын жинауға шамасы келмей кектегі өз орнына асығып барады. Ал, жерден алыстаған сай-ын қараңғылық та қоюланға түскен-дей болып, сүйк та қүшейіп келеді. Оллан енді шыдамаған:

–Шолпан әпкес, мен тоңдым. Қалайша мен мына сүйк қараңғы кеңістікте қалықтап, ғаламшар – жұлдыз болып ұшып жүремін. Тоңып мерт боламын ғой, - деді тісі тісіне әзер тиіп, дір-дір етіп.

Шолпан аз ойланды. Содан соң сіңілісінің сүйріктей саусақтың қолын өзінде қаралған мезгілінен шығарды. Сол-ақ екен, Олланның тұла бойы- жылып, көнілденіп шыға келді.

–Мен сені ешқашанда да жауарат-паймың, сіңілім, - деді Шолпан жы-миып. Міне, мен өзімнің орныма, айналып ұшып жүретін жолыма келдім. Ал, сен Күн жағында, жылы жағымда боласың. Ешқашан дә жаурамайсың. Күн ыстық!..

–Рахмет сізге, Шолпан әпкес! - деп дауыстады Оллан. Сейтті де Шолпанның қолынан босап, Күнге қарай ұшты. Шамалыдан соң оғ өзінің айналымжолын таңдағы Бірте-бірте домаланып, ғалам шарга айналды. Ал, бұл кезде ауыл да үйқыдан оянып, таңғы жұмыстарына кірсекен еді. Бір кезде Шолпан ның соңынан Күнге жақын маңа-жылт жылтырап кейінде қалып барады. Оны жұрт ерекше назармен қарсы алды. Соңынан ауылдағы белгілі шал мен кемпірдің жалғық қызы екені де айқын болды. Ел оны Оллан жұлдызын деп атап кетті